Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жыл 19 шілде № 3115-23-00-2/1206 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.И.Таусаров,
сот отырысының хатшысы Б.Ризабекқызының
қатысуымен, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Бірлік» басшысы Байтугелов Дархан Сабитович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі С.Д.Ахмедов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен (әрі қарай - Басқарма) жеке кәсіпкер «Бірлік» басшысы Д.С.Байтугеловтың (әрі қарай – ЖК) арасында 06 наурыз 2023 жылы №14 жалпы сомасы 4 199 997 теңге құрайтын келісім шарт жасалған (әрі қарай - Шарт).

Шарт бойынша ЖК үй-жайларды жөндеу бойынша жұмыстарын орындауға 2023 жылдың 01 сәуірінен 31 мамырына дейін міндеттеме алған, алайда жауапкер шарт бойынша өз міндеттемесін орындамаған.

Талап қоюшы өз талап қою арызында, мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша жауапкермен шартқа тұрғанын, алайда жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындамағандықтан, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер талап қою арызына жазбаша пікір келтірмеген.

Құжатқа қол қойылған: Таусаров С. И., 21.07.2023

Талап қоюшының өкілі С.Д.Ахмедов талап қою арызын қуаттап, жауапкер шарт бойынша көзделген міндеттемелерін орындамауына байланысты, талап қою арызын толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысының болатын уақыты туралы тиісінше хабарланған, алайда сотқа қатыспаған, сондықтан сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының 4-бөлігін басшылыққа алып аталған істі жауапкердің өкілінің қатысуынсыз қарау туралы ұйғарым етті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Талап қою уәждері, көрсетілген шартпен, шарттың №1 қосымшасымен және жауапкердің өз міндеттемелерін орындамауымен толық расталып өз дәлелін тапты. Сонымен қатар, тараптардың арасындағы шарттың мерзімі 2023 жылдың 30 маусымында аяқталған, яғни шарт өзінің күшін жоғалтқан.

Талап қоюшы талап қою арызымен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде жүгінген.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» №4 Нормативтік қаулысының 8-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасалған шарттар бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар әділдік пен парасаттылық өлшемдерін АПК-нің 6-бабының 5-бөлігіне сай негізге ала отырып, АК-нің 359-бабына сәйкес, өнім берушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негіздемесі және тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдар ретінде назарға алулары қажет.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарттың міндеттемелерін орындамауына байланысты талап қоюшыға жағымсыз салдар келтірген, өйткені үй-жайлар уақытылы жөнделмеген.

Құжатқа қол қойылған: Тауғаров С. И., 21.07.2023

Сот, жоғарыдағы мән-жайларға сәйкес, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Бірлік» басшысы Байтугелов Дархан Сабитовичты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Бірлік» басшысы Байтугелов Дархан Сабитович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Бірлік» басшысы Байтугелов Дархан Сабитовичтен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күні 21.07.2023 жыл.

Судья С.И.Таусаров

Құжатқа қол қойылған: Таусаров С. И., 21.07.2023